

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 713 Қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2007 жылғы тамызда жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Демалыс күні 2007 жылғы 2 қыркүйек жексенбіден 2007 жылғы 31 тамыз жұмаға ауыстырылсын.

2. Қажетті өнімді шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2007 жылғы 31 тамызда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі